



БЕКІТЕМІН:

**ДпҚББД ШҚ ҒӘ «Дарын»
орталығының директоры**

Г. Рахимжанова
« » 2022 ж.

**Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған
Ұлттық Мектеп лигасы аясында
«Спорт қуаты» облыстық спорттық-би фестивалін өткізу туралы Ереже**

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған Ұлттық Мектеп лигасы аясында «Спорт қуаты» облыстық спорттық-би фестивалін (бұдан әрі-Фестиваль) өткізу туралы осы Ереже оны ұйымдастырудың, өткізудің және қорытындылаудың мақсатын, міндеттерін, форматын, тәртібін айқындайды.

2. Фестивальдің мақсаты мен міндеттері - білім алушыларды дене шынықтыру және спортпен жүйелі түрде айналысуға тарту; олардың шығармашылық, хореографиялық қабілеттерін дамыту үшін жағдай жасау; үйлесімді тұлғаны тәрбиелеу және одан әрі дамыту бойынша мақсатты қызмет; дарынды балаларды қолдау.

3. Фестивальді ұйымдастырушы Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының Дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың Шығыс Қазақстан ғылыми-әдістемелік «Дарын» орталығы (бұдан әрі – ДпҚББД ШҚ ҒӘ «Дарын» орталығы).

4. Фестивальді ұйымдастырушылар ұйымдастыру комитетінің құрамын және қазылар алқасының құрамын қалыптастырады, тікелей өткізуді жүзеге асырады, нәтижелерді талдайды және жинақтайды.

5. Фестиваль қатысушыларының өмірі мен денсаулығының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында барлық қатысушыларға дезинфекция режимін және бас өңірлік дәрігерлердің санитарлық-эпидемиологиялық талаптарын сақтау қажет.

II. Фестивальді ұйымдастыру комитеті

6. Фестивальді ұйымдастыру және өткізу үшін ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі - Ұйымдастыру комитеті) құрылады.

Ұйымдастыру комитеті:

- фестивальді өткізудің жалпы тәртібін анықтайды;
- тікелей басшылықты жүзеге асырады;
- фестивальге қатысу үшін өтінімдер қабылдайды;
- іс-шаралардың түрлерін, оларды өткізу нысанын айқындайды;
- фестиваль қорытындыларын талдайды және жинақтайды;
- фестивальдің дайындық барысын, өткізілуін және нәтижелерін БАҚ-та жариялауды қамтамасыз етеді.

III. Фестивальді ұйымдастыру мерзімі мен тәртібі

7. Фестиваль 2022 жылдың 9 желтоқсанында Өскемен қаласында өтеді.

8. Фестиваль келесі спорт түрлері бойынша өткізіледі:

- көркем гимнастика;
- заманауи спорттық би;
- акробатика;
- черлидинг.

9. Фестивальге қатысуға **өтінім** (№1 қосымша) 2022 жылғы 25 қарашаға дейін Өскемен қаласы, Абай даңғылы 21, ДпҚББД ШҚ ҒӘ «Дарын» орталығының мекен-жайы, 8 (7232) 75-15-53 телефоны, **sporturizm@shygysdaryn.kz** e-mail бойынша қабылданады.

Өтініш ұсынудың соңғы мерзімі өткеннен кейін берілген өтінімдер қабылданбайды.

10. Өтінімге қоса беріледі:

- музыкалық сүйемелдеу;
- қатысушының және өкіл-жаттықтырушының жеке куәлігінің (туу туралы куәлігінің) сканерленген көшірмесі;
- білім беру ұйымының оқушылардың өмірі мен қауіпсіздігі үшін жауапкершілік туралы хаты (бұйрығы).

11. Спорт түрлері өтінімдер саны фестивальдің техникалық мүмкіндіктерінен асып кетсе, ұйымдастыру комитеті кез-келген спорт түрлері бойынша **өтінімдерді қабылдауды** белгіленген мерзімнен бұрын **жабуға** құқылы.

12. Өтінім бойынша спорт пәндерін ауыстыруға тыйым салынады.

13. Фестиваль басталғанға дейін 5 күн бұрын қатысушылар мен репертуарларды ауыстыруға тыйым салынады.

14. Фестивальге қатысушылар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 549 бұйрығының 26-тармағы негізінде фестивальге қатысу және дайындық кезінде жазатайым оқиғалардан сақтандырылуға тиіс.

Сақтандыруға жіберуші білім беру ұйымының басшысы, жаттықтырушы-өкіл жауапты болады. Фестиваль барысында және Фестиваль кезінде қатысушылардың қауіпсіздігі мен денсаулығы үшін өкіл жаттықтырушылар жауап береді.

15. Фестивальге қатысу тегін. Оқушыларды фестивальге олардың қалауына қарсы тартуға тыйым салынады. Фестивальге қатысу туралы шешімді оқушылар мен олардың ата-аналары (заңды өкілдері) қабылдайды.

IV. Фестиваль қатысушылары

16. Фестивальге облыстың жалпы білім беретін мектептері мен мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары қатысады.

17. Қатысушылардың жасы:

- көркем гимнастика - 5-6 сынып оқушылары;
- заманауи спорттық би - 7-8 сынып оқушылары;
- акробатика - 9-11 сынып оқушылары;
- черлидинг - 5-11 сынып оқушылары.

18. Бір оқушының екі және одан да көп спорт түріне бірдей қатысуына жол берілмейді.

19. Қатысушылардың орындаушылық шеберлік деңгейі («дебют» және «бастаушы» деңгейлерінен жоғары болуы тиіс):

- Әуесқойлар;
- Кәсіпқойлар.

V. Фестивальді өткізу шарттары

20. Фестиваль спорттық-би шоуы форматында өткізіледі.

Өнер көрсетуге қойылатын талаптар:

- Фестиваль тақырыбына және жарияланған спорт пәндеріне сәйкестігі;
- Өнер көрсету уақыты-4 минутқа дейін;
- Сахналық декорацияларды, аксессуарларды және реквизиттерді пайдалануға рұқсат етіледі, бірақ міндетті емес;
- Орындаушылар декорацияларды орындау орнына ӨЗ БЕТІНШЕ орнатуға міндетті (декорацияларды шығару үшін 10 секунд және оларды алып тастау үшін 10 секунд. Кету кезінде бір / екі адамға қосымша көмек көрсетілуі мүмкін).
- Қатысушылар мен жаттықтырушы-өкілдер (1 өнер көрсетуге 2-ден аспайтын) барлық қатысушыларға, жаттықтырушылар мен лауазымды адамдарға құрметпен қарауға міндетті.

VI. Фестиваль қорытындысын шығару және қатысушыларды марапаттау

21.Фестивальдің қорытындысы бойынша барлық қатысушылар қатысқаны үшін электронды түрде берілетін грамоталармен марапатталады.

Дипломдардың электрондық нұсқалары ДпҚББД ШҚ ҒӘ «Дарын» орталығының <https://www.shygysdaryn.kz> сайтында орналастырылады

Анықтама телефоны: 8(7232) 75-15-53.

VII. Қаржыландыру

22. Конкурсты қаржыландыруды бекітілген сметаға сәйкес ДпҚББД ШҚ ҒӘ «Дарын»орталығы жүзеге асырады.

23. Командаларды іссапарға жіберуге (тұру, тамақтану, екі жаққа да жол жүру, жолда тәуліктік жүру), костюмдер, нысандар сатып алуға байланысты шығындарды іссапарға жіберуші ұйым төлейді.

**Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған Ұлттық Мектеп лигасы аясында
«Спорт қуаты» облыстық спорттық-би фестиваліне қатысуға
ӨТІНІМ,
2022-2023 оқу жылы**

_____ (аудан/қала, елді мекен)
жіберуші білім беру ұйымы _____
_____ (толық атауы)

№ п/п	Спорт түрі (көрсету керек: көркем гимнастика, 5-6 сынып / заманауи спорттық би, 7-8 сынып / акробатика, 9-11 сынып немесе черлидинг, 5-11 сынып)	Көрсетілімнің аты	Қатысушының аты-жөні	Туған жылы	Сынып	Әлеуметтік мәртебесі (егер мыналар көрсетілсе белгілеу: аз қамтылған/ көпбалалы / жетім балалар-ААҚҚ / ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар / КТІ және МІ есебінде тұратындар)	Мектептің атауы және мекенжайы	Жаттықтырушы- өкілдің аты-жөні, ұялытелефон

М.О.

Жіберуші білім беру ұйымының басшысы _____ (қолы, М.О.)

«____» _____ 2022 ж.